



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

6B01105 – Педагогика және психология көптілділікпен

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Пәндік, ақпараттық-коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттерге, инклюзивті білім беру дағдыларына ие көптілді педагог-психологты даярлау және психологиялық ағарту бойынша сабақтар өткізу, білім беру процесінің барлық деңгейлерінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді диагностикалау және жүйелі ұйымдастыру

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

1. Білім беру (педагогикалық): оқу-тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.
2. Оқу-тәрбие: оқу-тәрбие процесі субъектілерінің әлеуметтік және тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
3. Түзету-дамытушылық: жеке және топтық психологиялық көмек көрсету арқылы психологиялық қолдауды қамтамасыз ету;
4. Психологиялық-педагогикалық: білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық-педагогикалық кеңес беру.
5. Эксперименталды зерттеу: психодиагностика
6. Ұйымдастырушылық-басқарушылық: психопрофилактика
7. Ақпараттық-коммуникациялық: психологиялық-педагогикалық ағарту

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – оқытылатын пән саласы бойынша озық білімге негізделген жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелерін білу және түсіну;

ОН2 – мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін көрсетеді; білім беру қызметінде цифрлық технологияларды қолданады

ОН3 – психологиялық-педагогикалық бақылаулардың, диагностиканың нәтижелерін кәсіби деңгейде жинау және ақпаратты алғашқы өңдеу әдістерін біледі және қолданады; қолданбалы мәселелерді дәлелдейді және шешеді;

ОН4 – академиялық жазу әдістерін меңгерген; академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетін ұстанады;

ОН5 – инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін біледі және түсінеді; оқу-тәрбие процесі субъектілерінің әлеуметтік, этномәдени, жеке, жас және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби қызметтің диагностикалық және түзету-дамыту міндеттерін шешеді; білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау дағдыларын меңгерген;

ОН6 – педагог-психолог мамандығының жоғары әлеуметтік маңыздылығын түсінеді; әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру дағдыларын меңгерген; көшбасшылық қасиеттерді көрсетеді; пәндік ортада психологиялық-педагогикалық импровизация жасайды; өз қызметінің нәтижелерін болжай алады; кәсіпкерлік дағдыларды меңгерген;

ОН7 – дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді, субъект-субъектілік қатынастарды орнатуды психологиялық қолдау бойынша кәсіби деңгейде теориялық және практикалық білімді қолданады; зерттелетін бағыт бойынша оқу, практикалық және кәсіби міндеттерді шешу;

ОН8 – білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттар, кәсіби қызметтің ерекшеліктерімен анықталған оқу-әдістемелік құжаттар туралы білімдерге ие;

ОН9 – студенттерге, мұғалімдерге және ата-аналарға, заңды өкілдерге психологиялық-педагогикалық консультациялар, тренингтер өткізу, оқыту дағдыларын көрсетеді.

ОН10 – ұжымда жұмыс істейді, білім беру процесі субъектілерінің әлеуметтік, этномәдени және жеке айырмашылықтарына жол береді;

ОН11 – психологиялық-педагогикалық салада фактілер, құбылыстар, теориялар мен олардың арасындағы күрделі тәуелділіктер туралы білімді және түсінікті қолданады; педагогикалық өлшеу және педагогикалық басқару саласындағы білімі мен практикалық дағдыларын көрсетеді.